

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 04 сәуір

KASE Клиринг орталығы мен "ЕСЖ" тауар биржасы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның 100% еншілес ұйымы болып табылатын "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – KACC) және "Еуразиялық сауда жүйесі" тауар биржасы" АҚ (бұдан әрі – ЕСЖ биржасы) өзара түсіністік туралы меморандум жасасты.

Меморандумға қол қоюдың мақсаты KACC тарапынан есеп айырысу-клирингтік сервис қызметтерін ұсыну мүмкіндіктерін айқындау және ЕСЖ биржасының мерзімді нарықтарын және "Астана" Халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – АХҚО) аумағында ЕСЖ Тобы құратын көпжақты сауда алаңын қоса алғанда, тауарлық туынды құралдар нарығына қызмет көрсету үшін бірыңғай клиринг орталығының функцияларын жүзеге асыру болып табылады.

Аталған құжат шеңберінде KACC және ЕСЖ биржасы ақпарат алмасуға және мерзімді тауар нарығының инфрақұрылымын дамытуға, сондай-ақ ұзақ мерзімді бірлескен әріптестікті қолдауға уағдаласты.

Меморандумға қол қою тауар нарығының әлеуетін ашуға және оны одан әрі дамытуға ықпал ететін АХҚО аймағында туынды тауар нарығын іске қосуға дайындық шеңберінде жүзеге асырылды.

Нарық қатысушылары үшін бірыңғай клирингті пайдалану қаржы және тауар нарықтарын әмбебаптандыруға қызмет етеді.

Анықтама үшін

"KASE клиринг орталығы" АҚ (KACC) KASE-нің 100% еншілес ұйымы болып табылады және KASE нарықтарында орталық контрагенттің клирингін, есеп айырысуларын және қызметтерін жүзеге асырады.

Орталық контрагенттің функцияларын орындау шеңберінде KACC инвесторларға мәмілелер бойынша активтерді уақтылы алуына кепілдік береді, тәуекелдерді басқаруды және нақты уақыт режимінде құралдарды барабар бағалауды жүзеге асырады.

ЕСЖ тобына "Еуразиялық сауда жүйесі" тауар биржасы" АҚ және "ЕСЖ клиринг орталығы" ЖШС (ЕСЖ клиринг орталығы) кіреді.

ЕСЖ биржасы биржалық тауарлармен споттық сауда-саттық өткізуге бағытталған. ЕСЖ биржасындағы сауда-саттыққа қатысушылар биржалық мәмілелерді өз мүдделері үшін де, Қазақстан және басқа да шет мемлекеттер нарықтарына қатысушы клиенттердің мүдделері үшін де жасайтын биржалық брокерлер/дилерлер болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz